

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасының тізіміндегі жеке санаттарға қойылатын талаптар туралы" 2004 жылғы 15 наурыздағы N 63 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 27 қарашадағы N 336 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әдіlet министрлігінде 2005 жылғы 6 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 3330. Күші жойылды - КР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 200703.30. N 73 қаулысымен.

Күші жойылды - КР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2007.03.30. N 73 қаулысымен.

Эмитенттердің және олардың бағалы қағаздарын ұйымдасқан рынокта айналысқа жіберу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) **Басқармасы** **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының "Қор биржасында айналысқа жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына, сондай-ақ қор биржасының тізіміндегі жеке санаттарға қойылатын талаптар туралы" 2004 жылғы 15 наурыздағы N 63 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2803 тіркелген, 2004 жылы "Қаржы хабаршысы" N 4-5 (5) журналында жарияланған) Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 246 қаулысына енгізілген өзгерістермен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3122 тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

3 - т а р м а қ т а :

4) тармақша "қаржылық есеп беруіне" деген сөздердің алдында "аяқталған соңғы қаржы жылы үшін немесе аяқталған соңғы тоқсан үшін" деген сөздермен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

10) т а р м а қ ш а д а :

"эмитенттің" деген сөздің алдында "аяқталған соңғы қаржы жылы үшін немесе аяқталған соңғы тоқсан үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

"ипотекалық облигацияларды шығарушы банктер мен ұйымдардың" деген сөздер "қаржы ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ т а :

2) т а р м а қ ш а д а :

"қаржылық есебіне" деген сөздердің алдында "аяқталған соңғы қаржы жылы үшін немесе аяқталған соңғы тоқсан үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

"300.000" саны "200.000" санмен ауыстырылсын;

5) т а р м а қ ш а д а :

"эмитенттің" деген сөздің алдында "аяқталған соңғы қаржы жылы үшін немесе аяқталған соңғы тоқсан үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

"ипотекалық облигацияларды шығарушы банктер мен ұйымдардың" деген сөздер "қаржы ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

6) тармақшадағы "300.000" саны "200.000" санмен ауыстырылсын;

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) бағалы қағаздар ресми тізімге енгізілген кезде аяқталған соңғы қаржы жылы үшін таза кірістің болуы;

бағалы қағаздар ресми тізімде болған кезде эмитенттің аудит жасалған қаржылық есебіне сәйкес соңғы үш қаржы жылдарының кез-келген бір жылдарының таза кірісінің болуы.";

6-тармақтың 2) тармақшасында "ең жоғарғысын" деген сөздер "соңғысын" деген сөзбен ауыстырылсын;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Қор биржасы 2004 жылғы 1 сәуірге дейінгі мерзімде өзінің ішкі құжаттарын осы қаулының талаптарына сәйкес тәртіпке келтірсін. Осы қаулының талаптарына сәйкес келмейтін эмитенттер өз көрсеткіштерін 2006 жылғы 1 қантарға дейінгі мерзімде осы қаулыға сәйкес келтірсін.".

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

3. Бағалы қағаздаррындың субъектілерін және жинақтаушы зейнетакы қорларын қадағалау департаменті (Токобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мұдделі бөлімшелеріне және сауда-саттықты ұйымдастырушыға жіберсін.

4. Агенттіктің қызметін қамтамасыз ету департаменті (Несіпбаев Р.Р.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бүқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

Tərafa

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК